

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы,
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Нур-Султан,
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А
тел.: +7 717 2775577, факс: +7 717 2554577
E-mail: hq@nationalbank.kz

23.10.2020ж. № 07-0-11/94

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» ҚДП фракциясының
депутаттары

А.Т. Перуашевқа
Е.Х. Барлыбаевқа
Е.С. Никитинскаяға
К.Г. Әбсәтіровке
Б.С. Дүйсембиновқа
Д.М. Еспаеваға
М.А. Қазбековаға

2020 жылғы 1 қазандағы шығыс № ДЗ-150 депутаттық сауалға

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Сіздердің жеке тұлғалардың шекті мөлшерлемелерін төмендетуге және банкроттық тетігіне қатысты хатыңызды қарап, мыналарды хабарлайды.

«Барлық ипотекалық, тұтынушылық кредиттердің және ШОБ үшін кредиттердің шекті пайыздық мөлшерлемелерін ақылға қонымды деңгейге дейін (7-8%) төмендетуге қатысты»

Пайыздық мөлшерлеме – бұл нарықтық құрал. Ол көптеген факторлардың әсерінен қалыптасады және банктің бизнес моделімен де, макроэкономикалық көрсеткіштерімен де анықталады. Екінші деңгейдегі банктер пайыздық мөлшерлемені дербес анықтайды.

2020 жылғы тамызда заңды тұлғаларға теңгемен кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 11,9%-ды құрағанын атап өткен жөн. Бұл ретте 2016 жылғы ақпанда базалық мөлшерлеме жеткілікті жоғары деңгейде – 17% белгіленгенде, бизнес кредиттері бойынша мөлшерлеме 19,1%-ды құрады. Сол уақыттан бастап инфляция деңгейінің айтарлықтай төмендеуі (2016 жылғы

шілдедегі 17,7%-дың ең жоғары мәнінен 2020 жылғы қыркүйекте 7,0%-ға дейін 2,5 есе) аясында базалық мөлшерлеме ағымдағы 9,0%-ға дейін төмендеді. Осылайша, ақша-кредит талаптарын жеңілдету мөлшерлемелерді төмендетуге әсер етті.

Өз кезегінде, ипотекалық кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер қазірдің өзінде 7%-8% деңгейінде, бұл негізінен халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру есебінен орын алды, ағымдағы жылғы тамызда 7,6%-ды құрады.

Пайыздық мөлшерлемені нарықтық белгілеу мүмкіндігі банктерге нарықтық жағдайға бейімделуге және тәуекелдерді қабылдауға мүмкіндік береді. Банк тұрғысынан кредиттер бойынша мөлшерлемелердің ағымдағы деңгейі мынадай факторлармен түсіндіріледі:

1) Қорландыру құнымен

Тартылатын ресурстардың құны бәсекелестікке, макроэкономикалық ортаға және орталық банктің базалық мөлшерлемесіне байланысты. Банктерді ұзақ мерзімді және тұрақты қорландыру үшін салымшылардың жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін депозиттер бойынша мөлшерлемелер инфляция деңгейінен жоғары болуы тиіс. Бұл ретте, мөлшерлемені инфляция деңгейінен төмен төмендету арқылы нақты кірістіліктің әкімшілік төмендеуі теңгемен активтердің тартымдылығын төмендетеді, жинақтарды ынталандырмайды және қаржы жүйесін тұрақсыздандырады. Осыған байланысты қорландыру құнының төмендеуі, бірінші кезекте, **инфляция деңгейінің төмендеуіне** байланысты болады.

2) Кредиттік тәуекелмен

Қарыз алушылардың кредиттік тәуекелі **мөлшерлемелердің төмендеуін тежейтін** маңызды фактор болып табылады. Сапалы қарыз алушылардың жетіспеуіне байланысты Қазақстанда басқа елдермен салыстырғанда берілген кредиттерді қайтармаудың барынша жоғары деңгейі байқалады. Мұның себептері кредиттік тәртіптің төмендігі, қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің жоғарылығы, меншікті капиталдың жеткіліксіздігі, кәсіпорындар арасындағы инвестициялардың өтімділігі мен кірістілігі сияқты факторлар болып табылады. Нәтижесінде, отандық қарыз алушылардың кредиттік тәуекелі банк маржасында және барынша жоғары пайыздық мөлшерлемелерде көрініс табады.

3) Операциялық шығындармен, ол да кредиттеу құнына әсер етеді (кредиттер беруге арналған шығыстар, банктердің маржасы және т. б.)

Мөлшерлемелердің шекті деңгейін 7-8%-ға дейін әкімшілік төмендету қолжетімсіз болуы мүмкін, себебі белгіленетін мөлшерлеме банктер қабылдайтын тәуекелдердің орнын толтырмайды. Бұл тәуекелдердің жинақталуына, активтер сапасының нашарлауына, кредиттік ресурстар ұсыныстарының төмендеуіне алып келеді және қаржылық тұрақтылыққа теріс әсер етеді

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, кредиттік ресурстардың құнын біртіндеп төмендету үшін кредиттік тәуекелді қалыптастыратын компаниялардың түсініксіз құрылымы (корпоративтік басқару сапасының төмендігі), бизнесті жүргізудің қолайсыз жағдайлары, жеке секторды басып кететін мемлекеттің экономикадағы жоғары үлесі, фискалдық тәртіптің төмендігі, компаниялардың дәрменсіздігі (төлем қабілетсіздігін шешудің жетілмегендігі, банкроттық рәсімдерінің тиімсіздігі) сияқты жүйелі проблемаларды шешу аса маңызды болып табылады.

Төраға

Е. Досаев

*Орынд.: Талакин А.
тел: (727) 2704 605
email: talakin.a@nationalbank.kz*

**Депутатам фракции
ДПК «Ак жол»
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан**

**Перуашеву А.Т.
Барлыбаеву Е.Х.
Никитинской Е.С.
Абсатинову К.Г.
Дюсембинову Б.С.
Еспаевой Д.М.
Казбековой М.А.**

На депутатский запрос исх. № ДЗ-150 от 01.10.2020г.

Уважаемые депутаты!

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев Ваше письмо касательно снижения предельных ставок и механизма банкротства физических лиц, сообщает следующее.

Касательно «снижения предельных ставок процентов всех ипотечных, потребительских кредитов и кредитов для МСБ до разумного уровня (7-8%)»

Процентная ставка – это рыночный инструмент. Она формируется под влиянием множества факторов и определяется как бизнес моделью банка, так и макроэкономическими индикаторами. Уровень процентной ставки банки второго уровня определяют самостоятельно.

Следует отметить, что за август 2020 года средневзвешенная ставка по кредитам в тенге юридическим лицам составила 11,9%. При этом, в феврале 2016 года, когда базовая ставка была установлена на достаточно высоком уровне – 17%, ставка по кредитам бизнеса составляла 19,1%. С того времени на фоне значительного снижения уровня инфляции (в 2,5 раза с максимального значения 17,7% в июле 2016 года до 7,0% в сентябре 2020 года) базовая ставка снизилась до текущих 9,0%. Таким образом, смягчение денежно-кредитных условий способствовало снижению ставок.

В свою очередь, средневзвешенные ставки по ипотечным кредитам уже находятся на уровне 7-8%, преимущественно за счет реализации государственных программ по обеспечению населения жильем, составив в августе т.г. 7,6%.

Возможность рыночного установления процентной ставки позволяет банкам приспосабливаться к ситуации на рынке и поглощать принимаемые

риски. С точки зрения банка, текущий уровень ставок по кредитам объясняется следующими факторами:

1) Стоимостью фондирования

Стоимость привлекаемых ресурсов зависит от конкуренции, макроэкономической среды и базовой ставки центрального банка. Для долгосрочного и стабильного фондирования банков ставки по депозитам должны быть выше уровня инфляции, чтобы обеспечить сохранность сбережений вкладчиков. При этом, административное снижение реальной доходности путем снижения ставки ниже уровня инфляции снизит привлекательность тенговых активов, дестимулирует сбережения и дестабилизирует финансовую систему. В этой связи, снижение стоимости фондирования будет зависеть, в первую очередь, от **снижения уровня инфляции**.

2) Кредитным риском

Кредитный риск заемщиков является важным фактором, **сдерживающим снижение ставок**. Ввиду недостатка качественных заемщиков в Казахстане отмечается более высокий уровень невозврата выданных кредитов по сравнению с другими странами. Причинами этого служат такие факторы как низкая кредитная дисциплина, высокая долговая нагрузка заемщиков, недостаточность собственного капитала, ликвидности и доходности инвестиций среди предприятий. Как результат, кредитный риск отечественных заемщиков находит отражение в марже банка и более высоких процентных ставках.

3) Операционными расходами, так же влияющими на стоимость кредитования (расходы на выдачу кредитов, маржа банков и т.д.)

В таком контексте, административное снижение предельного уровня ставок до 7-8% может быть недостижимо, ввиду того, что устанавливаемая ставка не будет компенсировать принимаемые банками риски. Это приведет к аккумулярованию рисков, ухудшению качества активов, снижению предложения кредитных ресурсов и окажет негативное влияние на финансовую стабильность.

Учитывая вышеизложенное, для постепенного снижения стоимости кредитных ресурсов принципиально важным является решение системных проблем, формирующих кредитный риск, таких как непрозрачная структура компаний (низкое качество корпоративного управления), неблагоприятные условия ведения бизнеса, высокая доля государства в экономике, вымывающая частный сектор, низкая фискальная дисциплина, несостоятельность компаний (несовершенство разрешения неплатежеспособности, низкая эффективность процедур банкротства).

Председатель

Е. Досаев

*Исп.: Талакин А.
тел: (727) 2704 605
email: talakin.a@nationalbank.kz*